

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Бұл туралы Ақорданың Telegram-арнасы хабарлады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды Астана әуежайынан күтіп алды. Бүгін президенттер келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Әзербайжан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысын өткізеді.



«ОСАЛ ӨМІР ЕМЕС ҚОЙ ОТЫЗ БЕС ЖАС»

5-БЕТ | «АСТАНА АҚШАМЫ» – 35



ҚАЗАҚ ЭССЕИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

№124
(4868)
Сейсенбі
21 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

25 қазан – Республика күніне орай Астанада әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға бір реттік ақшалай көмек төленеді.


Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мәліметінше, бұл көмек жылына бір рет және тек бір негіз бойынша – ең жоғары сомаға сәйкес төленеді. Биылғы төлем мөлшері 4,5 айлық есептік көрсеткішке тең, яғни 17694 теңге болады. Қолдау шарасы тек әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға жататын тұрғындарға арналған.



ЖАНКҮЙЕРІ КӨП «АСТАНА»

Футболдан Қазақстан чемпионатының премьер-лигасында жаңа рекорд тіркелді. Елордада өткен «Астана» мен «Ақтөбе» матчына 28211 көрермен жиналды.

Бұл ойын «Астана» үшін чемпиондық атаққа таласу үшін маңызды болса, «Ақтөбе» үшін Еуропа клубтық турниріне жолдама алу жол ашатын еді. Сондықтан екі командаға да ұпай жоғалтуға болмайтын. Міне, осындай бәсекенің болуына байланысты жанкүйерлер де көп болды. Ал ойында 5:3 есебімен елордалықтар жеңіске жетті. «Астана» енді чемпионаттың соңғы турында Алматыда 26 қазан күні «Қайрат» командасымен кездеседі. Осы соңғы ойында 2025 жылғы Қазақстан чемпионы анықталмақ.



ШАҺАР СӘНІ – ТАЛДЫКӨЛ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акция аясында елордалық еріктілер жақында Талдықөл аумағын биологиялық әдіспен тазарту жұмысын жүргізді. Астана іргесіндегі бұл көл – белсенді урбанизацияның салдарына қарамастан, табиғи биоәртүрлілік сақталатын аймақ.

ЖИ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТАДЫ

Алдағы 5 жыл ішінде елімізде 1 миллион азаматты жасанды интеллект негіздеріне оқыту жоспарланды. Осы мақсатта 20 жоғары оқу орнында тиісті білім беру бағдарламалары енгізілді. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы берген тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет экономиканың тұрақты дамуы үшін негіз қалыптастыратын цифрлық технологияларды енгізу бойынша қарқынды жұмыс істеліп жатыр. Бұл жұмысты Премьер-министрдің басшылығымен арнайы құрылған Цифрлық штаб үйлестіреді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, IT-индустрия, жасанды интеллект, өңірлерді интернет байланыспен қамтамасыз ету және тағы да басқа салаларда тұрақты прогресс байқалады.

2

БАС ҚАЛАДА – ШАХМАТ ОЛИМПИАДАСЫ

Елордадағы Паралимпиадалық жаттығу орталығында ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған екінші шахмат олимпиадасы ашылды. Турнирге Еуропа, Азия, Африка, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен шахматшылар қатысуда.

Салтанатты рәсімді ҚР Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ашып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шахмат олимпиадасына қатысушыларға арнаған құттықтау хатын оқып берді. Ал FIDE президенті Аркадий Дворкович Қазақстанға және Астана қаласына турнирді жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғысын білдірді.

Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов шахматтың әлеуметтік маңызын атап өтіп, елімізде ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағытталған Infinity жобасы сәтті жүзеге асып жатқанын айтты.

Айтулы турнир «төртке – төртеу» форматында өтуде. Әр команда кемінде бір әйел және ерекше қажеттілігі бар ойыншылардан құралған.

Олимпиада 25 қазанға дейін жалғасады. Ұйымдастырушылар қатарында FIDE, KazChess, Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі мен Ұлттық паралимпиадалық комитет бар.

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі



ISO БАС ХАТШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) Бас хатшысы Серхио Мухиканы қабылдады. Президент мейманға ілтипат білдіріп, Халықаралық стандарттау ұйымы жаһандық сауда, инновация мен орнықты дамудың негізін қалыптастыратын беделді институт екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ISO-мен бірге цифрлық трансформация, орнықты даму және цифрландыру секілді салаларда бірлескен жобаларды іске асыруға әлеуеті мол екенін жеткізді. Бас хатшы Серхио Мухика ұлттық стандарттау жүйесі мен цифрлық технологияны дамыту бағытындағы Қазақстанның күш-жігерін жоғары бағалап, еліміздің ұйым қызметіне белсенді қатысатынын және халықаралық стандарттарды енгізуге әзір екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серхио Мухика табысты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және бірлескен жұмыстардың жаңа бағыттарын дамытуға өзара ниет танытты.

ТӘУЛІК БОЙЫ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ҚОСЫЛАДЫ

Сенатта Қазақстанның орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның XI отырысы өтті. Онда орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге цифрлық өзгерістердің әсері туралы мәселелер талқыланды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үш жыл ішінде Қазақстанды жаппай цифрлық елге айналдыруды міндет етіп жүктеді. Осыған байланысты Үкімет цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған Digital Qazaqstan біртұтас стратегиясын әзірлеп, оны жоспарлы түрде іске асыруға тиіс. Шын мәнінде, цифрландыру – cross-sector-лық процесс. Ол, ең алдымен, елдің орнықты дамуының катализаторы және іргелі факторы екені анық. Цифрлық технологиялар – экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің және азаматтардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды тетігі. Цифрлық технологиялар инклюзивті білім беру мен сапалы денсаулық сақтауды айтарлықтай дамытуға ықпал ете алатыны сөзсіз. Сондай-ақ гендерлік теңдікті, теңгерімді экономикалық өсуді және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін шараларды күшейтеді» деді Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев жиында.

Сенат төрағасы цифрландыру қаржылық инклюзияны қамтамасыз етуде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Осының бәрін ескеріп, сарапшылар цифрландыру әлемдегі орнықты даму мақсаттарының негізгі индикаторларының 70 пайызына қол жеткізуге ықпал ететінін айтып отыр. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша еліміздегі орнықты даму мақсаттарының 93 пайызы электронды платформалар арқылы бақыланады.

«Жалпы Қазақстанда IT-экожүйе халықаралық деңгейде дамып келе жатқанын бәріміз білеміз. Бірақ оған тоқмейілсуге болмайды. Цифрлық өзгеріс орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге өзінің тікелей және сомды үлесін іс жүзінде қосуы керек. Сондықтан цифрлық шешімдерді олар нәтиже беретін, тиімділікті әрі ашықтықты және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыратын жерлерде пайдалану айрықша маңызға ие. Бұл салада тиімді құқықтық база қажет. Осы мақсатпен Сенат қазір «Жасанды интеллект туралы» заңды қарап жатыр. Ол жаңа технологияларды басқарудың және дамытудың заңнамалық базасын қалыптастыруға арналған. Сондай-ақ Парламентте Цифрлық кодекстің жобасы белсенді талқыланып жатқанын атап өткен жөн. Бұл құжат – цифрлық құқықтық қатынастардың негізгі ережелерін белгілейтін алғашқы кешенді заңнамалық акті болады деп күтілуде. Жалпы депутаттық корпус Қазақстанда орнықты даму мақсаттарын және цифрлық күн тәртібін ілгерілету жолында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді» деп сөзін жалғады Мәулен Әшімбаев.

Алқалы жиында сөз сөйлеген Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Қазақстанда ЖИ арқылы қоғамдық орындарда тәулік бойы бейнебақылау қосылатынын мәлім етті.

«Бейбітшілік пен әділетті қоғам орнату үшін және мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруда заманауи технологиялардың рөлі ерекше. Атап айтқанда, жасанды интеллект құқықтық қызметтердің сапасын арттырып, құқық қорғау органдарының жұмысын жеделдетуге және азаматтардың құқығын қорғауға көмектеседі» деді Жаслан Мәдиев.

Оның айтуынша, осы бағытта министрлік құқық қорғау органдарымен бірлесіп бірқатар жобаны іске асырып жатыр. Мысалы, «Құқықтық кеңес беру ЖИ-агенті» азаматтардың сұрақтарына нақты және жедел жауап беріп, құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетеді.


Алдағы уақытта «Ұлттық бейнебақылау жүйесін» енгізу жоспарланған. Бұл жүйе жасанды интеллект арқылы қоғамдық орындарда тәулік бойы бейнебақылауды қамтамасыз етеді.

«Жүйе адамдардың бет-әлпетін, көлік нөмірін автоматты түрде таниды, күмән тудыратын жағдайларды – төбелес, адамдардың жиналуы немесе ұмыт қалған заттарды тіркейді. Осының арқасында қоғамдық қауіпсіздік деңгейі едәуір артып, құқық қорғау органдарының әрекет ету жылдамдығы күшейеді» деді министр.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы берген тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет экономиканың тұрақты дамуы үшін негіз қалыптастыратын цифрлық технологияларды енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде.

Оны Премьер-министрдің басшылығымен арнайы құрылған Цифрлық штаб үйлестіреді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, IT-индустрия, жасанды интеллект, өңірлерді интернет байланыспен қамтамасыз ету және тағы да басқа салаларда тұрақты прогресс байқалады. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі толық ақпарат таратты.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: СТРАТЕГИЯДАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДЕЙІН

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет жасанды интеллект экожүйесін дамыту бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде. Бірінші кезекте тиісті заңнамалық базаны құруға көңіл бөлінеді. Сенатта технологияларды қауіпсіз және тиімді дамытудың құқықтық негіздерін қалыптастыруға бағытталған «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы қаралуда.

Биылғы қазан айында маңызды оқиға – идеялар мен инновациялар фабрикасы болуға арналған халықаралық Alem.AI ЖИ орталығының ашылуы болды. Мұнда әртүрлі халықаралық компаниялар ұсынылады. Alem.AI ғылыми зерттеулер, стартаптар және ЖИ саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін негізгі платформа болуға тиіс. Орталықтың қызметі цифрландыру саласындағы қазақстандық шешімдердің экспортын кеңейтуді қамтамасыз етеді, бұл технологиялық және экономикалық өсуге серпін береді. Келешекте Қазақстан Орталық Азияның зияткерлік хабына айналуы тиіс. Сонымен қатар 5 жыл ішінде 1 млн азаматты жасанды интеллект негіздеріне оқыту жоспарлануда. Еліміздің 20 жоғары оқу орнында тиісті білім беру бағдарламалары енгізілді.

ҰЛТТЫҚ СУПЕРКОМПЬЮТЕР ЖӘНЕ ЖИ ПЛАТФОРМАСЫ

Қазақстанда биыл Ұлттық суперкомпьютерлік орталық – Alem.cloud іске қосылды. Оның мүмкіндіктері мемлекеттік органдар, ғылыми институттар, жоғары оқу орындары, бизнес және стартаптар үшін қолжетімді. Суперкомпьютер мемлекеттік қызметтерде қолданылатын қолданбалы ЖИ-модельдерін, соның ішінде үлкен тілдік модельдерді оқыту, ЖИ агенттерін әзірлеу, деректерді талдау, мазмұнды құру және модельдеу міндеттерін тестілеу үшін қолданылады. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр жетекшілік ететін Цифрлық штаб құрылды. 200-ден астам компоненттер бойынша ақпараттық жүйелерді интеграциялаудың кешенді жоспары бекітілді, бұл еңбек шығынын қысқартуға, қайталануды жоюға және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Деректерді қорғау үшін барлық мемлекеттік органдардың Aitu қазақстандық мессенджеріне көшуі жүзеге асырылуда. Азаматтарға eGov, eOtinish, Aitu және тағы да басқа қызметтерге тіпті ұялы байланыстың нөлдік теңгерімінде де тегін қол жеткізу қамтамасыз етілген.

IT СЕКТОРЫНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ СТАРТАПТАРДЫ ҚОЛДАУ

Отандық компаниялар ұсынған IT-қызметтердің көлемі 2021 жылы 646 млрд теңгеден 2024 жылы 1,74 трлн теңгеге дейін өсті. IT қызметтерінің экспорты 2021 жылы $60,07 млн-нан 2024 жылы $690,7 млн-ға дейін өсті. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш $515,5 млн-ды құрады.

Astana Hub алаңында стартаптар мен IT-компанияларды қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру жалғасуда. Бүгінгі таңда Astana Hub экожүйесі 1832 компанияны біріктірді, оның ішінде 465-і – шетелдік компания. Қатысушылардың табысы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 368,3 млрд теңгені құрады. Қазақстан InDrive, Netcracker, Playrix, Telegram және тағы да басқа технологиялық алпауыттармен белсенді ынтымақтастық орнатып келеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ОНЛАЙН-ФОРМАТЫ

Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру жұмысы жалғасуда. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтердің 90,4%-ы онлайн режимінде қолжетімді, ал 1448 қызметтің басым көпшілігін интернет арқылы алуға болады. Қызметтердің 90,6%-ы смартфоннан қолжетімді, бұл үдерісті азаматтар үшін мүмкіндігінше ыңғайлы етеді. Қағаз аналогтарын толығымен алмастыратын цифрлық құжаттардың 39 түрі енгізілді.

ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТ – ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА

Бүгінгі таңда Қазақстанның 6179 елді мекенінің 119 қаласы мен 4906 ауылы байланыспен қамтамасыз етілген, оның 2724-і 3G технологиясы бойынша, ал 2182-сі 4G бойынша қосылған. Интернетке тіркелген қолжетімділік 1902 ауылда (ADSL) және 2654 ауылда (ТОБЖ) бар.

2027 жылдың соңына қарай тағы 3000 ауылды жоғары жылдамдықты интернетке қосу жоспарлануда. Қосымша 504 шалғай елді мекенді спутниктік технологияларды пайдалана отырып желіге қосу жоспарлануда. Оның 176-сы KazSat арқылы байланыспен қамтамасыз етілген, ал 2025 жылдың соңына дейін тағы 328 ауыл OneWeb арқылы қосылады.

2025 жылғы маусымда Starlink-пен келісімге қол қойылды, ол осы жылдың 13 тамызынан бастап Қазақстанда ресми түрде қызмет көрсете бастады. Бүгінгі таңда Starlink спутниктік интернеті 1,7 мыңнан астам ауылдық мектептерде жұмыс істейді. Жалпы 2025-2027 жылдары 3 мыңнан астам ауылдық елді мекен жоғары жылдамдықты интернетке қосылатын болады.

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі

ТАРАЗИГЕ – ҚҰРМЕТ ПЕН ТАҒЗЫМ

Кеше көрнекті жазушы, драматург, киносценарист, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Әкім Тарази тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.





Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, зиялы қауым өкілдері, елордалық қаламгерлер қатысты. Сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде Әкім Тарази атындағы мәжіліс залының ашылу рәсімі және дөңгелек үстел өтті.

– Әкім Тарази Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов сияқты танымал тұлғалардан тәлім алып, сол ұлағатты жолды өз шәкірттеріне үйретті. Ол білімге, жастардың рухани дамуына ерекше мән берді. Оның еңбегін құрметтеу мақсатында Мемлекет басшысы, қала әкімдігі мен қоғам қайраткерлерінің қолдауымен екі маңызды іс-шара өтті – жазушы тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, ол қызмет еткен университет ғимаратында мәжіліс залы ашылды, – деді жазушының жары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Роза Мұқанова.

Мәжіліс залының фойесінде келген қонақтар жазушының өмір жолын бейнелейтін фотокөрмені тамашалады.

Қазақ прозасы мен драматургиясында «Тасжарған», «Қорқау жұлдыз», «Шер», «Жолы болғыш жігіт», «Күлмейтін комедия» секілді көркем туындыларымен дараланған Әкім Тарази – өткен ғасырдың 60-жылдары Мәскеуде ашылған жоғары сценаристер курсында арнайы оқыған тұңғыш кәсіби кинодраматург. Ол қазақ киносының алтын қорына енген «Тұлпардың ізі», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Мұстафа Шоқай», «Арман – атаман», «Қызжылаған» фильмдерінің сценарийін жазды. Сонымен қатар елімізде «кинотеледраматургия» мамандығын ашуға мұрындық болып, жүздеген шәкірттің кәсіби жолын қалыптастырды. Қаламгердің ұстаздық қызметі Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында басталып, өмірінің соңғы жылдарына дейін К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жалғасты.

РУХАНИ КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ



Рухани келісім күніне орай Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы мен «Қамқор-Астана» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен елордадағы Достық үйінде «Диалогтан сенімге: бейбітшілікті нығайтудағы рухани құндылықтардың рөлі» тақырыбында XXXIII халықаралық конференция өтті.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Раманқұлов, Рухани келісім күні идеясының авторы, қоғам қайраткері Төлеген Мұхамеджанов пен Астана қаласының бас имамы Ерболат Жүсіпов және ҚР Митрополия округі Астана шіркеулік округінің протоиерейі Дмитрий Байдек сынды діни бірлестіктердің басшылары қатысты.

«Рухани келісім күні – ел ішінде татулықты, дінаралық және ұлтаралық келісімді дәріптейтін, адамдар арасында өзара құрмет пен сенімді нығайтатын ерекше күн. Бұл конференцияның тақырыбы өте өзекті. Себебі жаһандану дәуірінде рухани құндылықтар мен шынайы диалогтың маңызы артып келеді» деді Мақсат Раманқұлов.

Жиын барысында қатысушылар Төлеген Мұхамеджановты «Адамзатқа қызмет еткені үшін Бүкіләлемдік қоғамдық тану сыйлығы» марапатымен құттықтады. Бұл марапат оған жақында Ресейдің Мәскеу қаласында өткен Дүниежүзілік қоғамдық ассамблеясының жиынында табысталған. Рухани келісім күніне арналған іс-шара К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде салтанатты концертке ұласты.

МАЙДАНГЕР МЕРЕЙІ

Ұлы Отан соғысының ардагері, Астана қаласының тұрғыны Рзақұл Байкешев 102 жасқа толды.



Ұлы Отан соғысын Ржев және Великий Луг қалаларындағы шайқастардан бастаған майдангер Польша, Румыния және Венгрияны азат етуге қатысып, ефрейтор атағымен елге оралды. Соғыстан кейін Ақмола облысының «Рождественка» колхозында экспедитор болып еңбек атқарып, 1983 жылы зейнет демалысына шықты. Ардагер бұл күндері Астана қаласында немересі Талғаттың қолында тұрады.

Соғыс майдангерінің 102 жасқа толуына орай Астана қаласы Әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту басқармасының басшысы Илья Скуб, Астана қаласы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев, Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары А.Елімсарина, Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин ардагердің үйіне барып, туған күнімен арнайы құттықтап, алғыс хаттар, таяуда жарық көрген, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс жауынгерлері» кітабын табыс етті. Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин аудан әкімінің атынан Рзағұл ақсақалдың иығына шапан жапты. Құттықтаушылардың тілегіне риза болған ақсақал ерекше толқып, ақ батасын берді.

Баянды ӘЛПИ,
Астана қаласы Алматы ауданы
Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі

Елордалық №103 мектепте 8-11-сынып оқушыларына арналған «Білім берудегі инновациялар» атты STEM олимпиадасын Астана қаласының әкімдігі мен «Astana Innovations» АҚ ұйымдастырып, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының, Астана қаласы Білім басқармасының және «STEM academia» ЖШС қолдауымен өткізді.

STEM – ОҚУШЫЛАР ОЛИМПИАДАСЫ

«Біздің олимпиадамыз үлкен мұхитқа алып баратын тау бұлағы іспетті. Мұхит – ол жаңа технология мен ғылым саласы, робототехника. Әрине, бұл балалардың бәрі жаңалық ашып кетпеуі мүмкін, бірақ олардың арасында отандық ғылымға үлес қосатын балалардың қызығушылығын арттырамыз деп ойлаймын. Мысалы, былтыр қатысқан оқушыларымыз Назарбаев университетінде, шетелдік жетекші университеттерде білім алып жатыр. STEM олимпиадасын 2017 жылдан бері тоғызыншы рет өткізіп отырмыз. STEM олимпиадасы – қарапайым тілмен айтқанда, ғылыми-техникалық өнерпаздық. Бұл жерде оқушылар фундаменталды білім тұрғысынан ғана емес, инженерлік көзқараспен қарап, шешім қабылдау арқылы тапсырмаларды орындайды. Былайша айтқанда, теориялық білімін практика жүзінде іске асырады. Яғни оқушылардың техникалық пәндерге қызығушылығын арттыру арқылы сол салаға жетелейтін қадам. Мысалы, инженерия тапсырмаларын орындаған кезде қатысушы физиканың заңдылықтарын қолданып отырады» деді STEM олимпиадасын ұйымдастырушылардың бірі Мағжан Қыстаубаев.

200-ден астам оқушы қатысып, робототехника, бағдарламалау, инженерия және 3D-модельдеу бағыттарында өз дағдысын сынаған додада жеңіп шыққан 8 команда Италия астанасы – Рим қаласына барады.



ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА ӨТТІ

Астанадағы орталық саябақта Жұмысшы мамандықтары жылы аясында қала мекемелері қызметкерлері арасында отбасылық эстафета өтті. Жарыс спортты және отбасы құндылығын, еңбек адамына құрметті насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.



Қатысушы Тұратаевтар отбасы осындай жарыстар көбірек ұйымдастырылса, бұл елордалық отбасылардың салауатты өмір салтын сақтауға ұмтылуына бірден-бір себеп болар еді деген ойын айтты.

«Сайыс спортпен айналысуға деген ынтамды одан сайын көтерді. Біз отбасымызбен спортпен шұғылданамыз. Ұйымдастырушыларға үлкен рақмет! Жұмысшы мамандықтары жылы аясындағы шаралар жалғаса берсін. Жарыс жақсы деңгейде өтті. Ауа райы, көңіл күй керемет! Спортпен шұғылданыңыздар! Барлығыңызға зор денсаулық тілеймін!» деді Тұратаевтар отбасының мүшелері.

Жарыс соңында қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі

Астана қаласының шегінде орналасқан Кіші Талдыкөл – жай ғана көлшік емес, бірегей экожүйенің бір тармағы. Қала орталығына жақын орналасқандықтан, көл бас шаһарымыздың микроклиматын, су балансын реттеуде және аймақтың биоалуантүрлілігін сақтауда маңызды функцияларды орындап отырған сулы-батпақты табиғи кеңістік болып қала береді. Елорданың «Биомедпрепарат» ғылыми-талдамалық орталығы зертханасының меңгерушісі Диана Жүнісова Талдыкөлді сақтау шараларына қатысты атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берген еді.



ТАЛДЫКӨЛДІҢ ТАЗАЛЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕМІЗ

– Тарихи деректерге сүйенсек, Талдыкөл көлдері жүйесі (Үлкен және Кіші Талдыкөлді қоса алғанда) 10000 жыл бұрын мұз дәуірі мен голоцен тоғысында болған климаттың өзгеруі нәтижесінде қалыптасқан. Кіші Талдыкөл – Орталық Қазақстанның құрғақ аймағына тән, су деңгейінің маусымдық ауытқуы және жауын-шашынға, жерүсті ағынына және маусымдық су тасқынына айтарлықтай тәуелді болатын таяз көл. Экологиялық тұрғыдан алғанда, Кіші Талдыкөлдің құндылығы өте жоғары. Ол Қазақстанның Қызыл кітабына және халықаралық табиғат қорғау тізіміне енген сирек және жойылып бара жатқан құстарды қоса алғанда, көптеген құстың мекеніне айналған. Көл – белсенді урбанизацияның салдарына қарамастан, табиғи биоәртүрлілік сақталатын аймақтағы санаулы орындардың бірі.

– Жақында «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты кең ауқымды экологиялық шарасы аясында елордалық еріктілер Кіші Талдыкөл көлін биологиялық әдіспен тазарту жұмыстарын жүргізді ғой...

– Иә, «Арғын-Строй 2015» ЖШС пен «Биомедпрепарат» ғылыми-аналитикалық орталығы» ЖШС көлге 2025 жыл ішінде химиялық және микробиологиялық зерттеулер, сонымен қатар техникалық шарттарға сәйкес биологиялық тазарту жүргізді. Көлдерді биологиялық тазарту – тірі микроорганизмдерді пайдалана отырып, су экожүйесін қалпына келтіруге және тұрақтандыруға бағытталған экологиялық таза әдістердің жиынтығы. Бұл технология Астанадағы Кіші Талдыкөл көлі сияқты су объектілері қарқынды эвтрофикацияға, органикалық ластануға, лайлануға, оттегінің азаюына және экожүйе элементтері арасындағы табиғи байланыстардың бұзылуына ұшыраған жағдайларда өте өзекті. Химиялық немесе техникалық тәсілдерден айырмашылығы сол, биологиялық тазарту судың табиғи өзін-өзі тазарту процесін имитациялайды және жақсартады, сондықтан сыртқы әсердің аз болуымен тұрақты және ұзақ мерзімді нәтижелерді қамтамасыз ете алады.

– Бұл мамандарға белгілі жағдай болса да, жалпы жұрт біле бермейді ғой. Сол үшін оқырмандарға да таныстыра кетесіз бе?

– Көлді тазартудың барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін биопрепараттардың екі негізгі түрі әзірленді. Олар – құрамында тірі бактериялардың жоғары концентрациясы бар сұйық биопрепарат. Яғни суға араласқан кезде биологиялық белсенділіктің нәтижесінде тез әрі жылдам түрде ластаушы заттардың ыдырауын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге құрамында саз, коректік заттар және бактериялық биомасса бар қатты шар күйіндегі заттар. Олар көлдің түбіне шөгіп, суға біркелкі таралады. Ұзақ мерзімде микробтық белсенділікті қамтамасыз етіп, судың құрамын жақсартады.

– Мұндай тәсілдер арқылы неге қол жеткіземіз?

– Биопрепараттардың осы екі түрін біріктіріп қолдану келесі нәтижелерді береді: патогендік микрофлораны басу, органикалық заттардың биодеградациясын жеделдету, судың органолептикалық қасиеттерін жақсарту (мысалы: иіс, мөлдірлік). Сондай-ақ балдырлардың гүлденуінің алдын алумен қатар лай мен түп шөгінділерін тұрақтандыруда осы жұмыстың нәтижесін көрсетеді.


– Бұған дейін көл суының сынамасын жасап, мониторинг жүргіздіңіздер. Жалпы судың жағдайы қалай екен?

– Су параметрлерінің мониторингі шеңберінде 15 сынама алынды. Мәліметтерді талдай отырып, таязданған көл суының құрамында нитрат, хлорид, құрғақ қалдық деңгейі жоғары деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен 2025 жылғы 22 қыркүйектегі сынама алу деректері 2025 жылғы 23 мамырдағы сынамамен салыстырғанда физикалық-химиялық қасиеттердің жақсарғанын көрсетеді. Су сынамаларын алудың соңғы нәтижелері бастапқы зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда санитарлық және микробиологиялық көрсеткіштердің айқын жақсарғанын көрсетеді. 2025 жылдың 22 қыркүйегінде алынған сынамаларды талдау коли титрінің төмендеуін, бірнеше негізгі санитарлық көрсеткіштің тұрақтанғанын анықтады. Бұл өзгерістер су экожүйесінде қабылданған биологиялық-санитарлық шаралардың оң әсерін көрсетеді. Адам мен жануарлар үшін қауіпсіз микроорганизмдердің тірі дақылдарына негізделген биопрепаратты қосу есебінен жалпы микроб санының жоғарылауы байқалды. Биологиялық ремедиация принципіне сәйкес, пайдалы микробтар популяциясын көбейту – патогендік бактериялардың өсуін басуға қабілетті тұрақты микробтық қауымдастықты қалыптастырудағы қажетті қадам. Биопрепаратқа кіретін кейбір микроорганизмдер жағымсыз микрофлораға тежеу әсерін күшейтетін антагонистік белсенділігі бар метаболиттер шығарады. Ал микробтық белсенділіктің жоғарылауы pH тұрақтануына ықпал етеді және осы қосылыстардың микробтық метаболизмге енуіне байланысты аммиак азотының, нитриттердің және фосфаттардың концентрациясын төмендетеді. Кейбір штамдар улы органикалық заттарды, соның ішінде мұнай өнімдері мен беттік белсенді заттарды биоыдыратуға қабілетті, бұл химиялық ластануды жалпы азайтуға әкеледі. Су қоймасы үшін биологиялық-санитарлық шараларды жүзеге асыру әртүрлі биотехнологиялық әдістерді кезең-кезеңімен енгізе отырып, 3 жылға есептелген ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде қарастырылған. Бұл тәсіл гидробиологиялық көрсеткіштердің күрт өзгеруінсіз су экожүйесінің экологиялық тепе-теңдігін біртіндеп және тұрақты қалпына келтіруді қамтамасыз етеді, бұл әсіресе рекреациялық мақсатта пайдаланылатын су қоймалары үшін маңызды. Осылайша, санитарлық бағдарлама бірте-бірте, биологиялық тиімділік пен экологиялық қауіпсіздікті біріктіріп, агрессивті химиялық заттарды қолданбай-ақ, су экожүйесін ұзақ мерзімді жақсартудың перспективалық құралына айналдырады.

Сұхбаттасқан
Айгүл УАЙС

ҚАЛА ҚОҚЫСҚА «ҚАРЫҚ» БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Елордамыздың бүгінгі келбетімен бәріміз мақтанамыз. Жол жиегінде қоқыс шашылып жатқанына аса мән бермейміз. Бұл – жай ғана тұрмыстық қалдық емес, адамның сана-сезімінен шыққан «қоқыс», ол жауапсыздық пен немқұрайдылықтан туған. Мейлі, қалдықтың бәрін жинап, арнайы полигонға тастады дегеннің өзінде самаладай соққан желден сескенетін күн туды.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Қала көшелерін аралап көріңізші. Сырт көзге бәрі жақсы көрінеді. Сыпырғыш ұстаған жұмысшылар, әр бұрышта «Тазалық – тәртіптің белгісі» деген жазу. Бірақ сол жазудың астында бос бөтелке, қоқысқа толған шелек, контейнер маңында шашылған қалдықтар. Ол аздай, жаяу жүргіншілер жолының жақтауларында әр қадам сайын темекінің тұқылы жатады.

Мегаполис халқы апта сайын сенбілікті сиретпейді. Тұрғындар қолына қап алып, қоқыс жинайды. Фотоға түседі, әлеуметтік желіге салады. Бірақ ертеңінде бәрі өз орнында. Қоқыс та, немқұрайдылық та сол қалпы. Жыл – он екі ай қалдықтарды қалтарысқа тастап кете берсек, тәулікке арналған мерзімді тазалықтан не пайда?

Астанаға еліміздің өзге өңірлерінен келген туристер қаланың әсемдігіне ғана емес, тазалығына да таңдай қағады. Көшеде тынымсыз кетпен мен күрегін сайлаған тазалық қызметкерлері қоқысты сүйретпелі контейнерлерге не болмаса сол мезет жүк көліктеріне тиеп жатады. Бұл – қала ішіндегі маңызды даңғылдардағы қайнаған қызмет. Ал шеткерідегі тіршілік тасада.

Ресми деректерге сүйенсек, Астана жылына 1 миллион тоннадан астам қалдық шығарады. Демек, 1,3 миллион халықтың әрқайсысы жылына орта есеппен 700-800 келі қоқыс тастайды деген сөз. Полигондар лық толы. Мәселен, «Көктал» полигоны 1990 жылдары салынған. Қазір оның 90 пайызы толып, экологиялық қауіп көзіне айналып отыр. Жаздың аптабында бұл жерден шыққан иіс пен улы түтін қалаға дейін жетеді. Ал жаңбыр жауса, оның сүзіліп жер астына кеткен сұйық қалдықтары топырақ пен суды улайды. Экологтардың айтуынша, қазіргі полигондарға түсіп жатқан қоқыстың тек 15-20 пайызы ғана қайта өңделеді. Қалғаны – табиғаттың мойнында. Басқаша айтқанда, Астана қоқысын табиғатқа «экспорттап» отыр.

СҰРЫПТАУ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСПАҒАН

2019 жылдан бастап елордамызға әртүрлі қоқыс контейнерлерін енгізе бастадық. Тұтынған өнімді қайта өңдеу үшін әлемдік тәжірибелерді қолданысқа енгізуді көздедік. Керекті шаралар түбегейлі орындалды. Контейнерлер әрбір тұрғын үйдің маңына орнатылды. Бірақ қоқыстарды сұрыптау мәдениеті бізде қалыптаспаған. Пластикті – пластикке, бөтелкені – бөтелкеге, қағазды қағаз жәшігіне тастауды білмейміз. Қайсысы бос болса, қоқысты сол контейнерге төңкере саламыз. Аузы-мұрнына дейін толып, сыймағаны жерде таудай үйіліп жатқан қоқыстарды тастаған кімдер? Тұрғындар соны көріп, ашудың кәріне мінеді. Ауладағы шашылған қоқысқа кінәлілер ондайда табыла қалады. «Тазалық компаниялары уақытылы қызмет етпегеннің салдарынан сасыған қоқыс пен қалдықтың ортасында тұрып жатырмыз» деп дау шығарады.

ҚОҚЫС КӨЛЕМІ ҰЛҒАЮДА

Астанадағы Алаш тасжолының бойында қалдық тастауға арналған полигон бар. Қоқыс айлағы тұрғын үйлерге тым жақын. Мұнда да жағдай мәз емес. Жақында барғанымызда, көк түтінге тұншыққан полигон төңірегінде жұмысшылар маскамен жүр екен. «Clean City NC» ЖШС өкілі Нұрбол Тұрсынбековтің айтуынша, компания тәулігіне 750-800 тонна қалдық шығарады.

– Қоқыс көлемі соңғы 3 жылда 1,5 есеге артты. Астана халқы мен жаңа тұрғын үй кешендерінің көбеюі қалдық көлемін тікелей өсіріп отыр. Біз шамамыз келгенше үлгеріп жатырмыз, бірақ қайта өңдеу үлесі әлі де төмен. Бар болғаны 20 пайыз шамасында, – дейді ол.

Мәселе тек полигонның толуында емес, қоқысқа деген көзқарас мәдениетінде. Біз оны лақтырып тастадық па, бітті. Әр бөтелке мен әр пластик пакет табиғатта жүздеген жыл жатып, топыраққа, суға, ауаға зиянын тигізеді. Эколог мамандардың есебі бойынша пластик бөтелкенің шіру мерзімі – 450 жыл, ал полиэтилен пакеттікі 1000 жылға дейін созылады. Бұл – біздің ұрпаққа қалатын қоқыс «мұрасы».

Қала әкімдігінің өкілдері болса бұл мәселе кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айтады. Мәселен, биылдан бастап Астанада қалдықтарды бөлек жинау жүйесін жетілдіру үшін 16 мың контейнер орнатылып, оның ішінде құрғақ және дымқыл қалдықтарға арналған бөлек жәшіктер қарастырылған.

– Бір өкініштісі, тұрғындардың белсенділігі төмен. Қоқысты бөлек жинау мәдениеті қалыптаспаған. Бұл бағытта түсіндіру жұмысы күшейтіледі, – дейді Экология және табиғи ресурстар басқармасының өкілі.

Қоқыс мәселесін шешудің ең тиімді жолы – қайта өңдеуді ұлғайту мен азаматтық жауапкершілікті арттыру. Әлем елдері мұны мектептен бастап үйретеді. Бізде де бұл мәдениет баланың бойына ерте сіңуі тиіс. Әйтпесе бір күні астаналықтар қоқыстың ішінде өмір сүруге мәжбүр болуы әбден мүмкін.

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35



«ОСАЛ ӨМІР ЕМЕС ҚОЙ ОТЫЗ БЕС ЖАС»

Егемендіктің елең-алаңы талай-талай елдік істерге қозғау салып бергені белгілі. 1990 жылғы 25 қазандағы «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация республика Кеңес Одағы құрамында тұрған кезде қабылданса да, ондағы Қазақстан заңдарының одақтық заңдардан басымдығы, елдің аумақтық тұтастығы, шекарасына қол сұғылмайтындығы, сыртқы экономикалық және сыртқы саяси байланыстарға құқылығы, төл Қарулы күштерін құру мүмкіндігіне ие болуы, республика азаматтығының берілуі сияқты түбірлі де түбегейлі қағидалар оны қабылдау толық тәуелсіздікке бастайтынын, жаңа, егемен мемлекет құрудың тетігін қолға ұстататынын көрсетіп тұрған еді. Сол құжаттың жобасын республика Жоғарғы Кеңесі талқылай бастағаннан-ақ (қыркүйек-қазан айлары) Қазақстанның өмірінде елеулі өзгерістердің орын алуы жиілей берген еді.



Тәуелсіздік табалдырығындағы жақсы жаңалықтың бірі – Целиноград қаласында «Ақмола ақиқаты» деген атпен қалалық газеттің ашылуы. Жақында «Egemen Qazaqstan» газетінде «Сол тұста қаланың ресми атауы – Целиноград, ал газеттің «Ақмола» атауымен шығуы тарихи әділеттілікке шақырған рухани ишара іспетті. Уақыт та көп ұзамай осы ақиқатты танытты, Арқаның төсіндегі шаһардың байырғы Ақмола атауы ресми қалпына келді» деп орынды жазылыпты. Енді, міне, Арқа төсіне егемендіктің қарлығашындай болып жеткен басылымның шыға бастағанына да 35 жыл толып қалыпты.

Газет тойының Республика күні қарсаңында, Егемендіктің 35 жылдығымен қатар аталуы өте жарасымды. Еліміздің бас газетінің үлкен мектебінен өткен, тәжірибелі қаламгер Еркін Қыдыр басқарып отырған ұжымның алар биіктері алда деп білеміз. Бұрынырақ жоспарланып қойған сапарымызға байланысты газет тойына ортақтасуға мүмкіндік жоқтықтан, басылымдағы бауырларымызға бір ілтипатымыз, мерекемен құттықтауымыз болсын деп осы естелікті жазуға бекінген жайымыз бар.

Журналистік жолымыз осы газеттің тарихымен де байланысты екенін той тұсында разылықпен еске аламыз. Бұл байланыстың қос қырының біреуі – газеттің кадрлық құрамына ықпал жасау, екіншісі – қаламгер ретінде газет жұмысына тікелей атсалысу. Былай болған еді.

Мен Ақмолаға 1997 жылдың жаз айында келдім. Онда «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті қызметіндемін. Жаңа астанаға ауысудың дүрмегі басталып жатқан кез. Ұзаққа созылатыны алдын ала ескертілген іссапарымның негізгі мақсаты – «Қазақстан» телеарнасының Ақмола филиалының жұмысын жаңаша жолға қою, соның ішінде «Ақшам» ақпараттық бағдарламасын болашақ астанадан шығаруға дайындық жасау. Жұмысқа бел шеше кірісіп кеткен алғашқы айлардың өзінде осындағы зиялы қауымның біраз өкілімен танысып үлгердік. Соның бірі – филиал қызметкері, танымал қаламгер Алдан Смайыл. Көп ұзамай үйіне де шақырды. Жұбайы – Жұмагүл Саухат та журналист екен, сол жылы аты «Астана ақшамы» деп өзгертілген қалалық газеттің бас редакторы. Күндердің бір күнінде сол Жұмагүл маған қолқа салды. «Ұжым жас. Белді журналист аз. Қолдан келгенше шығарып жатырмыз газетті. Сонда да бір серпіліс керек бізге. Сіз Алматыдан келдіңіз ғой. Журналистерді жақсы танисыз. Кімнің кім екенін білесіз. Маған бірінші орынбасарлыққа бір адам ұсыныңызшы. Қала әкімімен қарым-қатынасым жақсы. Көп ұзатпай пәтер алуын да қамдар едік» дейді. Көп ойланған жоқпын. Әрі досым, әрі көршім, зергер журналист Жанболат Аупбаев ол кезде «Ақиқат» журналында бас редактордың бірінші орынбасары қызметінде істейтін. «Бірінші орынбасар» деген лауазымын малданбаса, ұлы көшке ілесіп, Ақмолаға келуге қарсы болмауға тиіс. Өзі де солай шықты. Жұртта қалғандай көңіл күймен жүр екен. Келісті. Кейін бір мақаласында Жанболат бұл оқиғаны былайша жазған: «Кешке Сәкеңнің үйіне келіп амандасқанымда «Қайда тұрасыз? Жатақханада жайыңыз келіспес, біздің үйде тұрыңыз» деді. Ол кезде Мәрия әлі мұнда келмеген. Мектеп жасындағы балаларымен Алматыда тұрып жатқан. Осыны есіме алған мен: «Семьям сенімді болсын. Сізбен бірге тұрайын» деп жауап бердім».

Жастайынан «Лениншіл жастың» көрігіне түсіп, шарболаттай шыңдалып шыққан Жанболат газеттің жұмысын алғашқы апталардан-ақ жандырып жіберді. Кездескен сайын Жұмагүл де разылығын айтып қоятын. Сөйтіп жүргенде... Бір күні Жәкең телефон соғады: «Мені министрлік «Егемен Қазақстанның» бас редакторының орынбасары қызметіне шақырып жатыр. Алматыға билет алғалы тұрмын. Өзіңіз білесіз ғой, әкім үй береді деген уәде де созылып кетті». «Тамаша. Тартынбаңыз. Келесі жылы ма екен, «Егемен» де Астанаға келеді. Пәтерді сол жақтан аласыз енді» дедім. Өзі де кейін солай болды. Айтқандай, сол тұстағы бір әзілімді келтіре кетейін. Жақсы хабар жата ма, әлгі әңгімеден кейін іле-шала-ақ журналистердің бірі телефондайды: «Естіп жатырмыз, досыңызды жоғарылатып жіберіпсіз» дейді. «Министрмен жақсысыз ғой, сіздің көмегіңіз ғой» деген емеуріні. Ал мен ол хабарды жаңа естіп тұрмын. Түк қатысым жоқ. Жаңағы жігітке: «Үйіңде сегіз айдан бері жатқан адамнан құтылу үшін не істемейсің?» деуге тура келді...

Енді Жұмагүл қайтадан өтініш айтты. «Жәкеңді жақсы тауып беріп едіңіз. Қайтейін, бізге сыймады. Тағы бір адам ұсыныңызшы. Сізге сенемін» дейді. Бұл жолы таңдауым Дидахметке түсті. Ол да студенттік шақтан келе жатқан дос. Дидахмет Әшімханов – мықты жазушы ғана емес, мықты журналист те. «Түркістан» газетінде Қалтай Мұхамеджановтың оң қолы болып отыр. Ұйымдастырушылық қабілеті де жақсы. Әйтсе де ол менің айтқаныма қолқ ете түспеді. «Осындай ұсыныстан адам бас тарта ма екен? Астанадан пәтер аласың, Алматыдағы үйің жігіт болып қалған балаңа қалады» деп, Жанболатқа бергелі жатқан үйін әкім оның орнына келетін адамға жақын күндерде бергелі жатқандай етіп айтып, әйтеуір, Дидашты көндірдім. Келісті. Дидахметтің газетке келуі де басылым жұмысына тың серпін қосты. Бірақ... қалаға сыйыспай-ақ қойды. Жерсінбейді-ау, жерсінбейді. Кездессең болды, айтатыны – тау. Қатонқарағайдың тауы, Алматының тауы. «Қайдан шақырдың?» деп тіке айта қоймағанымен, көңілінің қоңылтақсуын бір аңғартпай қалмайды. Ақыры Арқадан барқадар таппады. Әкімнің беруі шынында да жақын-ақ қалған пәтеріне де қарамады. Бала күннен жан досы Әлібек (Асқаров) айтса да көнбеді. Осында Әділбек деген журналист балдызы бар еді, ол айтса да көнбеді. Кетіп тынды. Кеткенімен қоймай, Алматыға барған соң бір жолдасы: «Сені түсінем, тауда тудың, тауда өстің, өмір бойы табиғат аясында жүрдің. Ол жақта табиғат та онша емес қой» десе, Дидаш: «Онша емесің не, онда табиғат жоқ қой» дейтін көрінеді... Рухы еркін жігіт еді.

Біреуі бір себеппен, екіншісі басқа себеппен редакцияда ұзақ істемегенімен, сол аз уақыттың аясында-ақ кәнігі кәсібилер ретінде Жанболат пен Дидахметтің газет тарихында ізгі із қалдырғаны талассыз.

Енді қаламгер ретінде газет жұмысына атсалысудың жайына келейін.

Жазатын адам жазбай тұра алмайды. Республикалық телерадио корпорациясының бірінші вице-президенті деген әжептәуір лауазымда жүргеніңмен, негізгі жұмысың телетүсірілімді, радиохабарды ұйымдастырудың бітпейтін де қоймайтын (экран мен эфир сенбі, жексенбіде де тоқтамайды ғой) шаруасы өз табиғатыңнан – қаламнан алыстатып бара жатқанын сезінген соң жоғары айлығың да, сәнді көлігің де, кең кабинетің де көңіл көншітпейді екен. Сондай бір кезеңде Жұмагүлдің маған айтқан ұсынысы ойымнан дөп түскені. «Бізге жазып тұрыңызшы. Газеттің сапасын жақсартуға көмектесіңізші» дейді. Мен өзім жақсы көретін сұхбат жанрында жұмыс істеуді қалайтынымды айттым.

Алғашқы сұхбат Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлымен жасалды. Жазушының алпыс жасқа толуы қарсаңында (1999 жыл, 21 қыркүйек) жарияланған ол әңгіме Қойшекеңнің өмір жолын, тарихи тақырыпқа қалай келгенін, Қытайдағы елшілікте жұмыс істеген жылдарында тындырған алапат ауқымды ісін таратып айтуға мүмкіндік берді. Тағы бір жағынан ол сұхбат ағамызбен арамыздағы қарым-қатынастың басын аша кетуге де жағдай жасады. Мәселе мынада. Мен университет бітірген жылы «Социалистік Қазақстанға» орналасқанда ол кісі әдебиет және өнер бөлімінен хат бөліміне ауыстырылған еді. Қаламгерге, әрине, күнделікті күйбеңі де, жүріс-тұрысы да көп хат бөлімінен әдебиет бөлімі ыңғайлы ғой. Алматыдағы талай ақын-жазушының ұйықтағанда түсіне кіретіндей орын емес пе? Содан біртүрлі іштей ыңғайсызданып та жүретінмін. Бірақ Қойшекең сол ауыс-түйістен түптің түбінде өзіне нақты пайда тапқанын ақтарыла айтты. Оқып берейін. Міне, былай деген: «Иә, әдебиет пен өнер бөліміне кино, театр, музыка мәселелерін жазатын адам керек болды да, сен қызметке алындың ғой. Мен хат бөліміне ауыстым. Іссапары көп бөлім еді, үнемі елді аралап жүресің. Бір арыздан соң бір арыз. Неше түрлі хаттар келеді. Жұрттың жазбайтыны жоқ. Ұлт саясатын жазады, тарихты жазады. Ойлары ол кез үшін оғаш хаттар да көп. Бәріміздің қызыл коммунист кезіміз. Партияға сенеміз. Кей облысқа шығарда жаңағыдай жайлар жазылған хаттардың бір-екеуін ала кетіп жүрдім. Сол аудандарға барып, «Мынандай кісі бар ма? Не кәсіп істейді?» десем, аупаркомдағылар: «Ой, ол кісінің дені сау емес, бізге де неше түрліні жазады, біз жауап қайтарғанды қойғанбыз, бөлек папкіге тігіп қоя береміз» дейді. Абайлап кейбіреуімен кездесіп, сөйлесіп көрсем – сап-сау. Айтатындары – мектептің жайы, діннің жайы, тілдің қорланғаны, ұлттық намыстың аяққа тапталғаны, шын тарихтың халықтан жасырылатыны сияқты нәрселер болып келеді. Мен кетемін санам сарсаң болып. Осындай әр кездесуден кейін көңіліңе күдік кіре береді екен. Сөйтіп жүргенде бір күні жерді дұрыстап пайдалану деген мәселеге проблемалық мақала жазуға тапсырма алдым. Сол жылдары Марат Сембин деген тарихшы жігітпен көрші тұрдық. Кітапханасы бай, ойлы жігіт. Әңгімелесіп отырғанда жерге байланысты бір тарихи мысал айтып беруін сұрадым. Марат маған Бичуринде «Жер – мемлекеттің негізі» деген ойды жақсы жеткізетін бір әсерлі жағдай баяндалған деп қазір жұрттың бәрі білетін Мүде туралы әңгімені айтып берді». Арғы жағы белгілі.

Былай айтады: «Осы мысал маған қатты әсер етті. Дереу Бичуринді сұрап алып, өзім оқып шықтым. Соны бітірген сәтте-ақ санамда бір төңкеріс болды демегенмен, көп нәрсеге басқаша қарауды шығардым дей аламын. Тіліміздің, дініміздің мүскін халге түскеніне, діліміздің өзгергеніне анық көзім жетті. Ең бастысы, мен қазақ жеріне қазақ ие емес екенін ұқтым! Осыдан кейін-ақ тіл, тарих, халық тағдыры деген мәселелер өзінен өзі қордаланып шыға берді, шыға берді. Енді күн сайын жұмыс күні бітісімен баспахананың асханасынан тамақтана салып, кітапханаға тартатын болдым. Екі жыл бойы қашан кітапхана жабылғанша сонда тапжылмай отырып жүрдім». Дәл солай болғанына мына біз куәміз. Алдымен «Мүдені» жазды. Әрі қарайғы жағдайды өзі былай айтады: «Сонан басталып кетті ғой. «Алтын тамырды» жұртшылық жақсы қабылдағаннан кейін тіпті қанаттанып алдым. Екі жыл шамасында «Көмбені», араға тағы екі жыл салып «Қазақтың қилы тарихын» жаздым. Осы кітаптарымның бәрі кешегі Кеңес Одағы дүрілдеп, Компартия күшінде тұрған кезде жазылғанын, тәуелсіздік жылдарында ешқандай тарихи көзқарастарымды қайта қарауға тура келмегенін мақтан етемін».

Астаналық пушкинтанушы Валентина Кирилловамен (1999 жыл, 18 қыркүйек), тарихғылымдарының докторы Амангелді Құсайыновпен (1999 жыл, 30 қазан) сұхбаттар да газет активіне қосылды деп санаймын.

Күндердің бір күнінде қалаға Мұрат Әджи келеді екен деген хабар шыға қалды. «Полынь Половецкого поля», «Европа. Тюрки. Великая Степь», «Кипчаки» атты кітаптары бірінен кейін бірі басылып, тосын тұжырымдары, қилы-қилы концепциялары қоғамдық сананы сарсаңға салып, аты дүңкілдеп тұрған автор. Әр кітабы – бестселлер. Таза ғылыми тұрғыдан қарағанда сын көтермейтін тұстары да жеткілікті. Оқырмандармен кездесуден кейін қонақүйде арнайы сөйлесуге ықыластана келісті. Әңгімешіл кісі екен. Арғы-бергіден талай жайды қозғады. Ол кез үшін кәдімгідей жаңалық болған біраз ойларын ортаға салды. Мысалы, Ұлы Қытай қорғанын сол кездегі әміршілер қарауындағы жұрт түркі даласына қашып кете бермеу үшін салдырған деген тұжырымын негіздеп сөйледі. Қытай жылнамаларының бірінде «Ол жақта өмір көңілдірек еді» деп жазылған көрінеді. Соғыс өнерінің мамандары ғұндардан қорғану проблемасын мұнан әлдеқайда аз шығынмен шешуге болар еді, оның үстіне Қытай тарихында ұлы қорған бірде-бір рет қорғаныс мақсатында пайдаланылып көрген емес дейді. Қисыны да келетін сияқты. Тағы бір тұста мынаны айтады: «Орыс мемлекетінің өзге ұлттарға көзқарасы өткен ғасырларда дәйім дерлік астамшылдық тұрғыда болғанын айтудың өзі артық. Түркі тілдес халықтарды былай қойғанда, діні бар, тілі ұқсас дейтін украин ұлтының өзіне жанашырлық жасамаған соң не сұрайсыз? Тағы бір дәйексөз айтайын. «Қыпшақ даласының жусанында» Екатерина II-нің қолы қойылған бір нұсқаудың мынандай сөзін келтіргенмін. Онда украиндықтардың ұлттық сана-сезімін жаныштау жөнінде нақты тапсырма берілген. Міне, оқиық: «надлежит легчайшими способами привести к тому, чтобы они обрусели и перестали бы глядеть, как волки в лесу». Александр II одан да асып түскен, ол 1876 жылғы 30 мамырда украин тілінде жұрт алдында сөйлеуге, ол тілде кітап бастыруға, мектепте сабақ беруге тыйым салдырған. Заң жүзінде!..». Бұл сөзіне түсініктеме жасамай-ақ қояйын. Популизмге бейімдігі бар. Біраз тұста таласып та қалдық. Мысалы, «самоварды» түркі сөзі дейді. «Самоварение», яғни өзі қайнатады деген орыс сөздері ап-айқын тұрған жоқ па? Қазақ содан шығарып «самаурын» деп сөйлейді» деймін. Өткен ғасырдың басындағы Карамзиннің өзі бұл сөзді осылай «сумавар» деп жазған. Мұның түбірінде түркіше кәдімгі «су» деген сөз тұр... «Сумавардың» о бастағы формасы «суағар» болды ма екен, кім біледі...» дейді. Өзінің онша сенімді еместігі де көрініп тұрады. Әйтсе де ондай айтқандарын да жарияладым. Әджимен сол сұхбат (2000 жыл, 12 сәуір) біраз адамның көзіне түскені, талайдың менен газет сұрағаны есімде.

Дегенмен басылым беделін көтерген ең елеулі материал деп сол кездегі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен жасалған сұхбатты (1999 жыл, 18 тамыз) айтқан орынды. Сол материалдан кейін газет басшысы қала әкіміне арнайы кіріп, редакцияның бірқатар мәселелері оңды шешілгенін, онымен де тоқтамай, салалық министрліктің алдына мәселе қойып жүріп, басылымды республикалық көлемде жазылым жүргізілетін тізімге қосуға қол жеткізгенін, сөйтіп «Астана ақшамын» Қазақстанның кез келген облысында жаздырып алуға, жаңа елорданың тыныс-тіршілігін күнбе-күн сезініп отыруға мүмкіндік туғанын жақсы білемін. Бұл да бүгінде 35 жастың биігіне шығып отырған басылымның бұғанасы беки түсуіне кәдімгідей септесін болғандығы сөзсіз.

Мұқағалидың «Отыз бесінші көктемім» деген өлеңі бар. «35 күз, 35 қыс, 35 жаз, Осал өмір емес қой отыз бес жас...» деп келеді. Біле білген адамға бас қаламыз басылымының, Астана айнасының шыға бастағанына 35 жыл толуы да – елдігіміздің бір белесі. Мерейтой құтты болсын, қаламдастар!

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі

АЙБЕКТІҢ БАБЫ, САРАНЫҢ БАҒЫ ОЗДЫ...

Елордада «Адамзаттың бәрін сүй» деген тақырыппен екі күн бойы ел құлағын қыздырған «Алтын домбыра – 2025» айтысы аяқталды. Республика күні қарсаңында Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония қабырғасында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Amanat партиясы ұйымдастырған дәстүрлі «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы ұлы Абайдың 180 жылдығына арналды.

Шапағат ӘБДІР

Бас демеушісі «Beles» құрылыс компаниясының директоры Махат Төреәлі мен Q4 Auto Tulpar автокөлік компаниясының иесі Талғат Сақан болды.

Дүбірлі додаға осы жылы республикалық және халықаралық айтыстарда топ жарған 14 ақын қатысты.

Айтысты белгілі ақын әрі Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай жүргізді. Ал айтыстың шымылдығын ашу мәртебесі ел үмітін арқалаған жас өрендерге бұйырды. Алматы облысынан келген 8 жастағы Ерсұлтан Мұқамжан мен Қызылордадан келген 10 жастағы Нөсер Айдосұлы алғашқы жұп болып сахнаға шығып, жыр төгіп көрерменнің жылы ықыласына бөленді.

Қазылар алқасының төрағасы – ақын, Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман болды. Бұдан бөлек Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжанов, Қазақстанның халық ақыны, айтыс ардагері Әсия Беркенова, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мәлс Қосымбаев, айтыс ардагері, мәдениет саласының үздігі Құдайберлі Мырзабеков ақындардың сөздерін таразылады.

Ал айтыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Amanat партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек ақындарға сәттілік тілеп, Республика күні мемлекеттігіміздің жаңа шежіресі жазылған, тарихымыздың жаңа парағы ашылған еліміз үшін ең қастерлі мейрам екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов ведомство басшысы Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді.

Ал ең алғашқы сөз додасын Рүстем Қайыртай (Абай облысы) мен Дидар Қами (Қарағанды облысы) бастады. Айтыстың ақтаңгер жүйрігі Дидар шыға сала өзінің кәнігі стиліне салып, бірден қарсыласын тұқыртып тиісіп бастады. Ол Рүстемнің өмір салты мен мінезін әзіл-шыны аралас қылып өлеңмен шебер өріп шықты. Рүстем де қарап қалмай, өзінің де оңай шағылар жаңғақ емес екенін дәлелдеп, қарсыласының қыжыртпа сөзін іліп алып, ұтымды жауап қайтарды.



Одан кейінгі кезекте сахнаға Серік Қуанған (Шығыс Қазақстан облысы) мен Аспанбек Шұғатай (Павлодар облысы) шықты. Бұл екеуі де аянып қалған жоқ. Бір-біріне тартымды әзілдер айтып, сауатты жауаптасып отырды. Олардың ізін ала Абай Жолмағанбет (Маңғыстау облысы) пен Жарқын Жұпарқан (Солтүстік Қазақстан облысы) сахнаға көтеріліп, айтыстың қызуын арттыра түсті. Алайда айтыстың ең бір көрігін қыздырып, көркін асырып, көрерменнің көңіліне айрықша ұя салған жалындаған жас жолбарыстар Бексұлтан Орынбасар (Қызылорда облысы) мен Нұрбол Жауынбай (Ақтөбе облысы) болды. Бұл екеуінің айтысы тіптен әсерлі өтті.

Бексұлтан сөзін тарихи астармен бастап, елдік рухты асқақтата жырлады.

Келесі жұп – Мейірбек Сұлтанхан (Қызылорда облысы) мен Дәурен Ақсақаловтың (Түркістан облысы) айтысы да өте тартысты өтті.

Мейірбек қоғамның ауыр шындығын шымбайға батыра айтып, жыланның уын жырмен төккендей әскер қалдырды:

...«Өгіздің көлеміндей өтіріктен,
Шыбынның көлеміндей шындық артық» деп бастаған ол:

...Отыз жылда таппадық
аттан сап түк,
Қайда сол тапқан байлық,
тапқан шаттық.
Қазағымның үмітін көкке ұшырған,
Үшінші дүшпанның сол – мақтаншақтық» деп Абайдың «бес дүшпанын» бүгінгі қоғамның дерттерімен байланыстыра айтқан ол:

«Мақтандық медицина дамыған деп,
Ковид келіп көп былық көрінді ақыр.
Отанынан ем таппай осы кезде,
Обырдан қанша қазақ өліп жатыр.
Мақтанып ек мықты деп әскеріміз,
Көзіміз не сұмдықты көріп жатыр.
Мақтандық жұмыссыздық азайды деп,
Ал жастардың жалыны сөніп жатыр.
Қызыл дипломы бар қыздарымыз,
Англияда қызанақ теріп жатыр.
Мақтандық бір Астана тұрғыздық деп,
Мың ауылдың түтіні сөніп жатыр.
Отыз елге барыс боп кірем деп ек,
Елу елдің қалдық қой соңында құр.
Отыз елді білмеймін біздің қазақ,
Мақтанудан бірінші орында тұр!» деп жалғастырғанда ел ішінен сүйсініп, еріксіз алақан соғып, таңдай қағысты.

Айтыстың қызған шағында сахнаға Нұрлан Есенқұл (Шымкент қаласы) мен Әсем Ереже (Семей қаласы) шығып, әдемі қыз-жігіт айтысын ұсынды. Олардың сөз қағысы да жылы әзіл мен нәзік сезімге толы болды.

Кештің соңын кіл жүйріктер Айбек Қалиев (Қостанай облысы) пен Сара Тоқтамысова (Астана қаласы) сахнаға шығып, бірінші күнгі айтысты жоғары деңгейде түйіндеді. Екеуінің сөз саптауы, елдік тақырыпты өрбітуі айтыстың биігін көрсеткендей әсер қалдырды.

Осылайша 10 ақын ертесі күнгі финалға жолдама алды. Екінші күнгі финалдық айтыс та одан кем түспеді. Қоғамның күрделі мәселелері тағы да сөз болды.

Нұрлан Есенқұлдың: «Ата заңның алдында жауап берсін, ата-анасын құрметтей алмағандар» деген жолдары көпшіліктің көңілінен шықты. Ал Мейірбек Сұлтанханмен сөз сайысына түскен Айбек Қалиев:

«Амилайлар көбейген бұл заманда,
Абылайға зар боп тұр ұлысымыз» деп жырласа, Мейірбек ағасына құрметпен: «Айбекке алтын домбыра керегі жоқ, бірақ та алтын домбыраға Айбек керек» деп мәрттік пен сыйластықтың үлгісін көрсетті. Бұл сөздер айтыс рухын ғана емес, қазақы кішіпейілдікті де айшықтап, көрерменнің жүрегін жылытты.

Осылайша екі күн бойы Арқаның төрінде алқынбай шапқан сөз жүйріктерінің бас бәйгесін Айбек Қалиев еншілеп, оған «Beles» құрылыс компаниясының директоры Махат Төреәлі бір пәтер сыйлады. Сондай-ақ ол Сара Тоқтамысоваға да бір пәтер тарту етті. Ал Серік Қуанған айтыстың ақтаңгері атанып, кеудесіне төсбелгі тағылып, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің атынан темір тұлпар иеленді.

Бірінші орынға тігілген автокөлікті айтыстың жаңа жұлдызы Бексұлтан Орынбасар қанжығасына байлады. II орын (1,5 миллион теңге) – Серік Қуанған мен Нұрбол Жауынбай иеленсе, оған қоса Талғат Сақан Нұрбол Жауынбайға бір көлік мінгізді. III орын (1 миллион теңге) – Мейірбек Сұлтанхан мен Дидар Қами алды. Ал кәсіпкер айтыстың демеушісі Талғат Сақан мен Махат Төреәлі – Нұрлан Есенқұл мен Дидар Қамиға ат мінгізіп, шапан жапты. Әселхан Қалыбекова атындағы 750 мың теңгелік арнайы сыйлық Әсем Ережекқызына бұйырды. Қонысбай Әбіл атындағы арнайы сыйлық Нұрлан Есенқұлға табысталды.

Ал Абай облысының әкімі Берік Уәли арнайы тағайындаған автокөлікті кәсіпкер Талғат Сақанұлы мен ақын Серікзат Дүйсенғазы Рүстем Қайыртайға табыстады. Сондай-ақ Сара Тоқтамысоваға – Талғат Сақан өз атынан бір автокөлік пен Көкен Шәкеев атындағы арнайы сыйлықты табыстап, Әсем Ережекқызына ат мінгізді. Ал Ерік Асқаров атындағы арнайы жүлде – Дәурен Ақсақаловқа бұйырып, ол сонымен бірге Мәдениет және ақпарат министрлігінің 500 мың теңгелік арнайы сыйлығын иеленді. Ал 500 мың теңгелік арнайы сыйлық Жарқын Жұпархан, Абай Жолмағанбет, Аспанбек Шұғатай, Рүстем Қайыртай, Сара Тоқтамысоваға табыс етілді.

Алайда елдің көңілін күпті еткен бір жайт пәтер мен көлік жауған айтыста оны бастап берген қос бірдей құлынымыз Ерсұлтан мен Нөсер жарыс соңында ешқандай марапатсыз қалғаны болды.

Оларды көріп риза болып қол соққан көрермендер «Әкәу! Бұл қалай болғаны?» деп таңданысын жасыра алмады. Біз де «Не кәсіпкерлер, не жүлдегер ақындар бұл балаларға тым болмаса бір тай мінгізіп, еңбегін бағалап, белін буса ештеңе де кеміп қалмас еді-ау» деген ойда қалдық...

«ҚАРА СӨЗДЕР» ҚАЗАҚ ЭССЕИСТИКАСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының елорда филиалы мен Ұлттық академиялық кітапхана өткізіп жатқан «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аталмыш кітап ордасында жалғасты. Бұл жолы белгілі жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаев «Қазақ прозасындағы кеңістік пен кейіпкер әлемі» тақырыбында дәріс оқыды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алдымен өзінің шығармашылығынан хабар берген қаламгер негізінен драматургия саласында қалам тербейтінін айта келе, өзінің бүкілодақтық байқауда топ жарған алғашқы «Үзілген бесік жыры» драмасын режиссура реформаторы Әзірбайжан Мәмбетовтің ұсынысымен Мұхтар Әуезов театрында Әубәкір Рахимов сахналағанын атап өтті.

«Қанша дегенмен драматургияның шығармашылыққа көп пайдасы бар. «Қазақфильм» киностудиясын жеті жылдай басқардым. Соның да үлкен пайдасы тиді. Қазақ киносының тарихында қазақ әдебиетіне қатысы бар фильмдерінің қашан да сапасы жоғары болған. Кезінде Дулат Исабековке, Әбдіжәміл Нұрпейісовке, басқа да қаламгерлерге хабарласып, шығармаларын экранға шығарайық деп ұсыныс айттық. Сол уақытта «Жаужүрек мың бала» фильмі шықты. Оның сценарийінің тоғыз нұсқасын жасадық. Смағұл Елубайдың да шығармаларын экранға шығардық» деген Ермек Аманшаев, өзінің ұстаздары қатарында академик Зейнолла Қабдоловтың есімін, адами және шығармашылық қалыптасуына үлесін қосқан Әбіш Кекілбайұлы, Рымғали Нұрғалиұлы, Оралхан Бөкей, Төлен Әбдік, Сатыбалды Нарымбетов секілді тұлғалардың аттарын жылылықпен атап өтті.

Әдебиеттанушы ретінде зерттеуді Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінен бастағанын айта келе, соған тоқталды.

«Мұхтар Әуезов классик жазушымыз ғой. Ол белгілі бір ойды айту үшін, кейіпкерлердің мінезін, табиғатын ашу үшін әртүрлі шығармашылық әдістерді қолданған. Соның ішінде кейіпкердің өмірінде болып жатқан оқиғалардың мағынасын аша түсу үшін табиғат суреттерін беру шеберлігі маған қатты ұнайды. Мысалы, «Қорғансыздың күні» әңгімесінде Ғазиза мен оның әжесі мен анасының тағдырын боран арқылы суреттеген кезде боранды жандандырып жібереді. Кейін қарасам, әлемдік деңгейдегі жазушылар осындай әдістерді қолданған» деді қаламгер.

Оралхан Бөкей шығармаларында табиғатты суреттеу көріністерінде үнемі экстремалды кейіпкерлер кездесетінін атап өткен жазушы мысал ретінде «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Атау кере» шығармаларын келтірді. Оның пікірінше, мұндағы кейіпкерлер шекаралық, стихиялық жағдайларға кездеседі.

«Оралхан Бөкейдің тағдырында әртүрлі жағдайлар болды. Жалпы жазушының шығармасы мен жеке тағдыры арасында алшақтықтар көп емес. Оралханның соңғы жылдары жазған шығармаларында оптимистік сарындар пайда болды. Сол кезде қуанғанбыз. Яғни, оның өмірінде жақсылықтар болып жатқанын шығармаларынан түсіндік» деді жазушы.

Ермек Аманшаев қазақ прозасының жетістіктері көп екенін айта келе, соларға тоқталды. Соның ішінде Әбіш Кекілбайұлының отыз жасқа толмай жазған «Шыңырау» повесі ерекше орын алатынын атап өтті.



«Бұл шығарма қазақ даласына үлкен жаңалық әкелген, көрегенділігімен ерекше әсер еткен туынды болды. Тоқырау заманында жазылған шығармада құдықшы Еңсеп құдықшылық секілді атакәсіптен артық даңқ іздей бастайды. Сол даңқты көрген сайын оның бойында екінші әзәзіл секілді Еңсеп пайда болады. Кейіннен қарап отырсақ, ата салттан, бабаларымыздың дәстүрінен, тіліміздің, мәдениетіміздің ажырауды, алыстауды Әбіш аға сонда жазып кетті. Сондай жағдайларды Әбіш Кекілбайұлы, Оралхан Бөкей, Төлен Әбдік шығармалары арқылы көрсетті» деген жазушы аталмыш туынды мазмұнын тарқатты.

Қаламгердің пікірінше, тарихи мұраларымыздың, қайраткерлердің, қаламгерлердің еңбектерін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау керек.

«Қазіргі заманда Абайдан жаналық ашу мүмкін емес» деген пікір қалыптасты. Мүмкін екен. Мысалы, Абайдың «Қара сөздері» мен әдебиеттегі эссе жанрының негізін қалаушы атақты Мишель Монтеньнің «Тәжірибелер» кітабының бастауы ұқсас келеді. Бұл шамамен 1891 жылы шыққан кітап, Абайдың «Қара сөздерін» аяқтап жатқан тұсы екен. Семейде 1870 жылдары ашылған алғашқы кітапханада осы кітап болған екен. Мұны Абай оқығандай. Қаламгерлер арасында ізденіс үстінде бір-бірімен осындай байланыс, үйрену болып тұрады. Ең бастысы, Абай «Тәжірибелермен» тек оқып таныспай, «Қара сөздерімен» қазақ әдебиетіне жаңа жанр эссені алып келді» деді Ермек Аманшаев.

Оның айтуынша, Камю, Сартр Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана адамның қорғансыздығы, жанына жат тіршілікке тасталғаны жөнінде жазды. Ал Мұхтар Әуезов мұны өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жазып кеткен.

«Сондықтан әдебиетімізді жаңа көзқараспен зерттейтін болсақ, Мұхтар Әуезовті әлемдік экзистенциализм ағымының негізін қалаушы деп айтуға болады» деді қаламгер.

Дәрістен кейін жазушыға қазақ прозасында суреттелген, бірақ тарихтағы орны әлі де айшықталуы тиіс тұлғалар, ұлт қайраткерлері туралы сұрақ қойылды. Сауал қоюшы мысал ретінде Әбіш Кекілбайұлы жазып кеткен Әбілқайыр хан бейнесін келтірді.

Оған жауап берген қаламгер қазір қазақ тарихының әртүрлі кезеңдері бойынша мемлекеттік комиссия құрылғанын, тиісті антологиялық жинақтар шығып жатқанын жеткізді.





КҮЙ МЕН ӨЛЕҢ ТОҒЫСТЫ

«Ән-өлең, күй – адамның анық тілі, шын тілі, көпке бірдей ұғымды тіл» дейді Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «Ән, өлең һәм оның құралы» атты зерттеу еңбегінде. Ұлт ардақтысының ойын әрі қарай тарқатсақ, өлең де, күй де – жанға рахат сыйлайтын өнер түрлері.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымының камералық залында күй мен өлеңді тоғыстырған сондай концерт өтті. Белгілі күйші, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Қайрат Айтбаев «Шертпе күй өнерінің тәңірісі» атанған Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығына арналған «Сарыжайлау» атты музыкалық-поэтикалық шығармашылық кешін ұсынды.

Көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың «Тәттімбет» аталатын дастаны, «Тәттімбеттің жан сыры» атты өлеңі бар. Бірнеше жыл бұрын «Elorda Aqparat» медиакомпаниясы «Тәуелсіздік және елорда» мүшәйрасын ұйымдастырды. Сонда Кәкімбек Салықов атындағы арнайы жүлдені дарынды жас ақын Ұмтыл Зарыққан иеленді. Тәттімбетке арналған кешті оны талмай жырлаған Кәкімбек атындағы сыйлық иегерінің ұстағаны жарасымды болды. Ал кештің өзін Қайрат Айтбаевтың ұстазы, дәулескер күйші, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, өнертанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай ашып, шәкіртіне ақ тілегін арнады. Қонаққәде ретінде Сембектің «Наз қосбасар» күйін шертті. Одан кейін кезекті кеш иесінің өзі алып, Тәттімбеттің «Сылқылдақ», «Сарыжайлау», «Қырмызы қосбасар» секілді күйлерін бебеулетті. Байжігіттің, Мағауия Хамзиннің, Мұхаметжан Тілеуханның күйлерін күмбірлетті. Тәттімбеттің талай күйін жеткізген Әбікен Хасеновтің «Қоңырын» тартты. Оның орындауындағы «Көксерек» фильміндегі Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетауына» Нұрғиса Тілендиевтің фантазиясы кештің жаңалығы болды.

Төлеген Миллат, Тілеубек Батыс атты жас ақындар жиналғандарды жалынды жырларымен сусындатты. Арнайы қонақтар қатарындағы Қарағандыдан арнайы ат терлетіп жеткен дәстүрлі әнші Сержан Мұсайын, жыршы Күнсұлу Түрікпен, әнші Айдос Саниязбекұлы, күйшілер Мұрат Сұлтанбай, Айтолқын Тоқтаған, Нұрмұхамет Жақанов, жетігенші Венера Табыс өнер көрсетті. Жас талапкер күйші, «Өз елім» республикалық байқауының бас жүлдегері Әлихан Молдабекұлының үлкен сахнада тұсауы кесілді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дүйсен Қасейінов кеш иесіне жылы лебізін жеткізіп, қатысушы өнерпаздарға сый-сыяпат жасады. Қайрат Айтбаевқа туған жері Павлодар облысы атынан құрмет көрсетілді.

АСТАНАҒА АТПЕН КЕЛДІ

Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қарасты Еренқабырға баурайындағы Сауан ауданынан 8 тамыз күні жолға шыққан жас жұбайлар – Қуанбек Түсіпханұлы мен Жайна Еркінқызы 2500 шақырымдық сапарын сәтті аяқтап, 73 күнде Астанаға жетті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

20 қазан күні елорда төріне ат басын тіреген оларды қалалық әкімдік өкілдері, зиялы қауым және қала тұрғындары салтанатты түрде қарсы алды. Қаланың Достық үйінде алыс сапардан келген құрметті қонақтармен жылы жүздесу өтті.

Кездесу барысында Мәжіліс депутаты Ерлан Сайыров қызығы мен машақаты қатар жүрген бұл сапардың рухани маңызын атап өтіп «Әлемнің әр түкпіріндегі қазақтар тәуелсіз Қазақстанда бас қосып, ұлттық бірлігімізді нығайта берсін» деген ізгі тілегін білдірді.

Қуанбек пен Жайна бұл сапарды ұлт рухын көтеру, ата-баба жолын ұлықтау және жылқыны қолға үйреткен қазақтың дара мәдениетін дәріптеу мақсатында ұйымдастырғандарын айтты.

– Астанаға атпен келу – үлкен арманымыз болатын. Міне, сол арман орындалды. Ат үстінде өткізген әр күн – рухани сынақ әрі қазақы дәстүрді дәріптеудің мектебі болды. Жол бойы қонақжайлық танытқан елге және үлкен қалалардан өткенде жол бастап, қолдау көрсеткен жол полициясына айрықша алғыс айтамыз, – деді Қуанбек Түсіпханұлы.



73 күнге созылған сапар барысында жас жұбайлар Жетісу мен Қарағанды облыстары арқылы өтіп, жол бойында жергілікті тұрғындардың ыстық ықыласына бөленді. Жас жұбайлардың бұл ерлікке пара-пар сапары көпшілікке үлгі болып, ұлттық рух пен жылқы мәдениетін ұлықтаудың тамаша символына айналды.

ТАЛАНТҚА ТАҒЗЫМ

Ақмола облысының Бурабай ауданының орталығы – Щучинск қаласындағы 9-мектеп-гимназиясында қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Марфуға Бектемірова атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Көкше өңірінде кіндігі кесілген Марфуға ақын өмірінің соңғы кезеңін елордада өткізді, бас қалада тұрып, шығармашылықпен айналысты.



Кабинетке жасанды интелект қолданылатын заманауи кең экранды қондырғы, моноблог компьютер, ыңғайлы парталар, шкаф, тақта, мұғалім үшін жұмсақ кресло мен стол қойылған. Марфуға Бектемірованың өмірі мен шығармашылығына арналған екі стенді, үлкен портреті қабырғаға ілінген. Сөйтіп заманауи жабдықталған сыныпта оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасалды.

Кабинеттің ашылуына байланысты алқызыл лентаны ақынның жары, Ресей Жазушылар одағының «Василий Шукшин» алтын медалінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты жазушы Есенгелді Сүйінов пен Бурабай ауданы әкімінің орынбасары Мерей Рамазанұлы қиды. «Марфуғаның мұрасы – рухтың шамшырағы» деген тақырыпта өткен салтанатта Бурабай аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Самал Сағынайқызы, тарих ғылымының докторы, профессор, этнограф Жамбыл Артықбаев, еңбек ардагері Баян Сәбитова, мектеп директорының міндетін атқарушы Жанболат Нұрболатұлы сөйледі. Олар Марфуға Бектемірованың жырларындағы мөлдір сезім мен биік парасат, Отанымызға деген сүйіспеншілік, ұлттық болмыс пен аналық мейірім – бүгінгі ұрпаққа өнеге екенін атап көрсетті.

– Қазақ ежелден дарынды ақындарын қадірлеген. Бүгін өзі оқыған мектепте талантты ақын Марфуға Бектемірова атындағы қазақ тілі мен кабинетінің ашылуы – соның айқын дәлелі. Арамыздан ерте кетсе де Көкше жұртшылығының аяулы қызын ұмытпай, Щучинск қаласының бір көшесіне есімін беруі – мектеп қабырғасына ескерткіш тақта орнатуы қуанарлық жай. Енді туған жерінде ескерткіш орнату керек деп ойлаймын, – деді ҚР Орталық ардагерлер кеңесінің өкілі Болат Темірбаев.

Қонақтар «Марфуға әлемі» атты көрмені тамашалап, мұғалімдерден құралған «Көкше толқындары» фольклорлық ансамблінің орындауында ақынның сөзіне жазылған «Қас-қағым», «Аққуым менің қайдасың?» әндерін тыңдады. Оқушылар Марфуға Бектемірованың сыршыл өлеңдерін мәнерлеп оқыды.



БАЙҚАМҰРОВ – ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ

Астанадағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында қазақ күресінен дәстүрлі «Қазақстан Барысы – 2025» республикалық турнирі мәресіне жетті. Биыл 14-рет ұйымдастырылған бұл айтулы додаға еліміздің барлық өңірлерінен және мегаполистерден іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары болған 43 балуан қатысты.



Шапағат ӘБДІР

Салмақ өлшеу қорытындысы бойынша Маңғыстау облысының намысын қорғаған, «Қара бура» лақап атымен танымал Нұрдәулет Жарылғапов 167 келімен турнирдің ең ауыр балуаны атанды. Ал Абай облысының өкілі Ерсін Сейітқазынов 91 келі салмақ көрсетіп, ең жеңіл қатысушы болды. Сондай-ақ Абай облысынан келген Саят Шамшиев (37 жаста) – ең тәжірибелі, ал Ақтөбе облысының балуаны Әмірбек Рахимов (20 жаста) ең жас қатысушы ретінде тіркелді.

Осылайша, күрестің алғашқы айналымдары қызу өтті. Үшінші айналымнан кейін ширек финалға Ерасыл Қажыбаев (Абай облысы), Нұрсұлтан Қожагелдіұлы (Шымкент қаласы), Әділ Оразбаев (Әскер барысы), Нұрдәулет Жарылғапов (Маңғыстау облысы), Марат Байқамұров (Әскер барысы), Бейбарыс Әбдіғани (Түркістан облысы), Ерасыл Амангелді (Ақтөбе облысы), Ерқанат Молдағұлов (Қарағанды облысы) қатарлы 8 балуан іріктеліп алға шықты.

Сөйтіп, балуандардың ішінен бағы озған 2024 жылғы чемпион Ерасыл Қажыбаев кезекті белдесуінде қарсыласын жеңіп, жартылай финалға жолдама алды. Оның келесі қарсыласы Шымкенттің өкілі Нұрсұлтан Қожагелдіұлы болды. Ал басты фаворittердің бірі саналатын Нұрдәулет Жарылғапов та сүрінбей келіп, «Әскер барысы» Әділ Оразбаевпен жолықты.

Осылайша, турнирдің шешуші сәтінде өткен жылғы жеңімпаз Ерасыл Қажыбаев финалда тағы бір «Әскер барысы» – Марат Байқамұровпен кездесті. Алайда күрестің екінші минутында Марат қарсыласының осал тұсын тауып, таза жеңіске жетті. Осылайша, ол «Қазақстан Барысы – 2025» атағын иеленді. Ал 2-орын: Ерасыл Қажыбаевқа (Абай облысы), 3-орын: Нұрдәулет Жарылғаповқа (Маңғыстау облысы) бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы белбеу, кубок және қаржылай сыйлықтар табысталды.

№124 (4868) 21/10/2025 Сейсенбі



Сонымен қатар 24 қазан «АЛЖИР» мемориалдық кешені, «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем!» акциясы. 25 қазан Есіл жағалауында этномәдени концерт. «Mega Silk Way» СОО және «Abu Dhabi Plaza» орталықтары, домбыра тарту, музыкалық квартет өнері, балалар ойындары мен сурет салу шеберлік сағаттары. 25-27 қазан «Дәулет» теннис орталығы, әуесқойлар арасында теннис турнир.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 124

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР